

Қ. Н. Ташенов,
*жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ — ТҰЛҒАНЫ ДАМУЫ ӨДІСІ РЕТİNДЕ

Қазіргі таңда адамдар білімінің жоғары деңгейін талап ететін әлемдегі интеграциялық үдерістерге, Қазақстанның жоғары оқу орындарының Болондық үдеріске кіруіне, жаңа білім беру ақпараттық жүйелерін қолдану деңгейі мен оқыту нәтижелерінің сәйкессіздігіне және жалпы әлемдік өркениеттің тәжірибесіне байланысты кадрлардың кәсіби дайындығына қойылатын қоғам талаптары толығымен қанағаттандырылмаған.

Заманауи АКТ үздіксіз дамуы қашықтықтан оқытудың әдістемелік жүйесінің, яғни мақсаты, мазмұны, әдістері, құралдары мен ұйымдастыру түрлерінің ақпараттандыру үдерісінің деңгейіне сәйкес болуын талап етеді.

Қашықтықтан оқыту бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектер мен тәжірибелерді зерттеу желілік оқу-әдістемелік кешендерді таратудағы кемшіліктермен қатар, қашықтықтан оқыту жүйесінің әртүрлі синхронды және асинхронды режимдерінде ұйымдастыру деңгейінің төмендігі, желілік оқу материалының құрылымдалмағандығы, ақпараттандыру құралдарының қашықтықтан оқыту ерекшелігіне сәйкес жүйеленбегендігі сияқты келеңсіздіктерді көрсетті.

Қашықтықтан оқыту жүйелерінің стандартталған, қажет қызметтері толық қамтылған, қазіргі оқу орындарының жергілікті талаптарына сәйкес жасалынған қашықтықтан оқыту жүйесінің, сонымен қатар, қашықтықтан оқыту барысында АКТ-ға ғылыми түрде негізделген қолданбалы ресурстарды пайдалану әдістемесінің жоқтығы қашықтықтан оқыту бойынша педагогикалық және АКТ-дың мүмкіндіктерін интеграциялап, әмбебап пайдалануға құзырлы оқытушыларды дайындауды қажет етеді.

Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмысы оқыту үдерісінің бастапқы құраушысы болады. Осыған байланысты, қашықтықтан оқыту сапасына оң әсер ететін тәсілдерді, оның ішінде, кәсіби құзырлы жеке тұлғаға бағытталған тәсілді іске асырудың қажеттігі туындайды.

Жоғарыдағы айтылғандар жеке тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде қашықтықтан оқыту моделін жасап іске асыруды қажет етеді.

Қазақстандағы білімді модернизациялау кезеңіндегі өзекті мәселелердің бірі — ол жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғамда өзінің позициясын еркін және жауапты түрде анықтауға қабілетті, интеллектуалдық сипаттағы дәстүрлі емес тапсырмаларды шешу мақсатында инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Білімді модернизациялаудың міндеттерін студенттердің креативтілігі, белсенділігі және дербестігімен байланысты жеке тұлғалық қасиеттерінсіз шешу мүмкін емес. Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту жүйесі жеке тұлғаға бағытталған акцентпен құрылуы керек¹.

А. А. Андреев, Е. С. Полат еңбектеріне негізделіп, қашықтықтан оқытудың қазіргі заманғы оқу үдерісін ұйымдастыру, әрбір білім алушының белсенді жеке және топтық оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, тиімді кері байланысты қамтамасыз ету, интерактивтілік, оқу үдерісін даралау және саралауды қамтамасыз ету, оқу іс-әрекетінің берік мотивациясын қалыптастыруды анықтайтын барлық факторлар, яғни жеке тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде қашықтықтан оқытуда кәсіби іс-әрекетті толыққанды іске асыруға бағытталған педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ғылыми негізделген интеграциялауды қамтамасыз ету; қызметтік мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қашықтықтан оқытудың аспаптық құралдарын интеграциялап қолдану; қашықтықтан оқыту курстарының мазмұнын қалыптастыруда, қашықтықтан оқытуды басқаруда, қашықтықтан оқыту құралдарын жасауда ақпараттық интеграциялауды жүзеге асыру; қашықтықтан оқытуды жобалау мен жүргізу барысында информатика-математикалық әдістерді орынды қолданып, пәннің ерекшеліктері мен телекоммуникациялардың ерекшеліктерін ескеру қажет.

Телекоммуникацияны қолданып, қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруда оқытушы мен студент арасында пайда болатын ақпараттық ағым екі жақты болады — ақпараттың бір бөлігі оқытушыдан студентке бағытталса, екінші бөлігі студенттен оқытушыға бағытталады. Егер оқыту кезінде оқытушымен қарым-қатынасқа түсетін студенттер тобы құрылса, онда ақпараттық ағымның тағы бірнеше бағыттары, атап айтқанда оқытушыдан бүкіл топқа бағытталған, бүкіл топтан оқытушыға бағытталған, бір студенттен топқа бағытталған, топтан бір студентке бағытталған және т. б. пайда болады.

Қашықтықтан оқытудың білім беру желісі «клиент-сервер» режимінде білім қорына, мәліметтер қорына, сол сияқты басқа құралдар мен аспаптарға үлестірілімді қол жеткізу жағдайында жүзеге асатыны белгілі. Осы орайда, оқытушыларға әр жақты күрделі оқу жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Оқу курсың дайындау, оны қашықтықтан оқытуға бейімдеу, оқу үдерісін басқару, кеңес беру, өзіндік жұмысты қашықтықтан басқару, сонымен қатар, психологиялық қолайлы жағдай туғызып, әрбір студентпен қарым-қатынаста болу оқытушыға жүктеледі.

Қашықтықтан оқу материалының иерархиялық құрылымдылығын, веб-бағытталған оқу жүйелеріндегі жылжымалықты, динамикалық оқу ақпаратының модульдігін есепке алсақ, қашықтықтан оқыту пәндері мен қашықтықтан оқытудың ерекшеліктерін ескере отырып, желілік оқу материалын іріктеу мен таңдаудың, құрылымдаудың дәстүрлі информатика-математикалық әдістерімен қатар, қазіргі модульдік ойлау теориясы негізінде оқу ақпараттық массивін веб-желіде паттерндік желі түрінде беру орынды болады. Себебі, осы тұрғыда берілетін ақпарат оқылатын пәннің ойдағы бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, ойлаудың модульдігін ескереді.

Сондықтан оқу материалын іріктеуде нақты, дәл әдістер қолданып және ақпараттық және математикалық модельдердің пайдалану қажеттігі ақпараттандыру қарқынына сәйкес, сапалы қашықтықтан оқу курстарын құруды талап етілуден туындап отыр және қашықтықтан оқытуды дамытудың бір тенденциясы болып табылады. Бұл педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ақпараттық интеграциялау негізінде қашықтықтан оқытудың аспаптық құралдарын интеграциялау арқылы пән мазмұнына сай қашықтықтан оқыту құралдары жасалып, қашықтықтан оқытуды басқаруды жүзеге асырғанда ғана іске асады. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту құралдарын жасаудың информатика-математикалық әдістерін анықтау, апараттық-коммуникациялық технологиялардың, пәндік саланың ерекшеліктерін ескеретін қашықтықтан оқыту әдістемесін жасау қажет.

ⁱ Қашықтықтан оқытудың теориясы мен практикасы: Монография. — Павлодар, 2009.